



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 4-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Генри Сиджвик, Артур Шопенгауэр
және оның ерік философиясы



Джон Стюарт Милльдің утилитарлы дәстүрі философ Генри Сиджвиктің (1838–1900) арқасында жалғасын тауып, әрі қарай дамытылды. Танымал ағылшын философы және эконмист Генри Сиджвик 1838 жылдың 31 мамырында дүниеге келді. Ол әйгілі Кембрижде білім алды. Сиджвик – Психикалық зерттеулер қоғамының және Ньонхем-колледжінің негізін қалаушы. Ол әйелдердің ер адамдармен қатар білім алуына көп еңбек сіңірген қоғам қайраткері. Осыған дейін айтқанымыздай, Сиджвик философия мен экономикада утилитаризм бағытын ұстанды және Виктория дәуіріндегі ең ықпалды этикалық ойшылдардың бірі болды.

Сиджвик Кембридждегі Тринити-колледж ғылыми қауымдастығының мүшесі болды, алайда 1869 жылы өз еркімен қызметінен босады. 1883 жылы ол университетте философия профессоры болып тағайындалды. Бастапқыда ол Милльге табынып, оның жүйесін сынамай, өз тәрбиесінің қатыгез моральдық ережелерінен азат ететін жүйе ретінде қолдады. Бірақ кейіннен ол Милль жүйесінің екі басты қағидасының: психологиялық гедонизмнің, яғни әркім өз бақытын көздейді деген тезистің және этикалық гедонизмнің, яғни әркім ортақ бақытты көздеуге тиіс деген ұстанымдардың арасында келіспеушілік бар деген шешімге келді. Оның «Этика әдістері» еңбегінде алға қойылған басты міндеттердің бірі – «практикалық ақыл-ой дуализмі» деп аталған мәселені шешу.

Тағы бір ескертіп өтейік, бұл жердегі гедонизм деп отырғанымыз – өмірдің ең басты құндылығы, игілігі мен мақсаты рақаттану, ләззат алу деп санайтын этикалық ілім.

Ойлана келе, Сиджвик психологиялық гедонизм қағидасынан бас тартып, оны әрбір адам өзіигілігін көздеуге міндетті дейтін рационалды эгоизмнің этикалық қағидасымен алмастырды. Оның пікірінше, бұл қағида интуитивті түрде түсінікті. Ол этикалық гедонизм тек іргелі моральдық интуицияға ғана негізделуі мүмкін деген шешімге келді. Осылайша Сиджвик өз жүйесінде утилитаризмді моральды өзі жалпыға ортақ парасатты ақыл-ой көзқарас тұрғысынан қарастыратын тәсіл деп есептеген интуиционизммен үйлестіре білді. Алайда ол парасатты ақыл-ойдың әдеттегі интуициялары тым шектеулі және тым ерекше деп санады; ал утилитарлы моральға негіз боларлық интуициялар анағұрлым абстрактылы болды. Біріншісі болашақ игіліктің маңыздылығы қазіргі таңдағы игіліктің маңыздылығымен бірдей дегенді алға тартса, ал екіншісіне сай – Ғалам тұрғысынан алғанда кез келген бір жеке адамның игілігі басқа адамның игілігінен маңыздырақ емес.

Ендігі қалған қиын мәселе – утилитарлықтың интуициясын рационалды эгоизмнің интуицияларымен бітістіру. Сиджвик менің бақытым мен жалпыға ортақ бақыттың ара-сындағы шиеленісті қарапайым өмірлік тәжірибе негізінде толығымен шешу мүмкін емес деген тұжырымға келді. Оның пікірінше, адамдардың басым бөлігі үшін жеке адамның мүддесі мен оның жауапкершілігінің арасындағы байланыс Құдайға және адам жанының мәңгілігіне деген сенім арқылы жүзеге асады. Бұл мәселеде Құдайға жүгінгісі келмегендіктен, Сиджвик «рационалды мінез-құлықтың ең асқақ үлгісін қалыптастыруға деген адам ақыл-парасатының талпынысы о бастан сәтсіздікпен аяқталады» деген өкінішті қорытындыға келді. Адамның өлімнен кейінгі өмірін іс жүзінде дәлелдеу үшін ол 1882 жылы құрылған Психикалық зерттеулер қоғамында қызмет етіп, ізденді.

Сиджвиктің ойшыл ретіндегі ізденген басты сауалы мынадай: «Этика моральдің әрбір ойлануға қабілетті индивид қабыл алатындай концепциясын ұсына алады ма?». Ол индивидтің іс-әрекетіне негіз боларлық үш ақырғы ұстанымды алға тартады: 1) бақыт немесе ләззат алу (яғни, мұндағы ләззат алу дегеніміз – индивидтің өзі қаладым деп санаған нәрсесіне немесе жөн боларлық нәрсеге қол жеткізгенде сезінетін әсерлері); 2) жетілгендік немесе кемелділік және 3) борыш. Осы үш ұстаным, өз кезегінде, үш негізгі этикалық әдісті анықтайды: интуитивизм, эгоистік гедонизм және утилитаризм (немесе универсалды эгоизм). Сиджвиктің пікірінше, қазіргі қоғамдарда тек жеке бастың бақытын мақсат тұтатын эгоистік гедонизм кеңінен өріс алған. Ол бақыттың бірнеше көзін атап көрсетеді, соның ішінде «денсаулық, байлық, достық және отбасылық қатынастар, танымалдылық және әлеуметтік бедел, билік, қызықты және қолайлы орта және түрлі ойын-сауықтар, әсіресе, білімге деген құштарлықтың қанағаттандырылуы.

Сиджвиктің айтуынша, қазіргі қоғамда бақытты болудың ең маңызды құрамдастарының бірі болып әл-ауқаттылық немесе байлық танылады: қоғам мүшелерінің көбі бар назарын байлық табуға, әл-ауқатын арттыруға жұмсап, осы мақсатта көп нәрседен бас тартып, өз



денсаулығын сарп етеді. Сонымен қатар, Сиджвик қолданыстағы жағдайды саралай отырып, эгоистік гедонизм барлық адамдар қабыл алатын этикалық жүйені құрудың әдісі бола алмайды деп санады. Мұндай жүйені ол «универсалды гедонизм» деп түсінетін утилитаризмнен тапты.

Шопенгауэрдің Ерік философиясы

Бүгінгі дәрісімізде қарастыратын тағы бір ірі тұлға, ойшыл Артур Шопенгауэр. Оның идеялары философия тарихында ерекше орын алып, ешкімге ұқсамайтын бірегейлігімен көзге түседі.

Өзінің утилитарлық принципін дәлелдей отырып, Джереми Бентам оны адамдардың өз бақытын азайтуға бейім іс-әрекетін қолдайтын аскетизм принципіне қарсы қойды. Бентамның мақсаты – христиандық мораль болатын, алайда бірде бір христиан ешқашан аскетизмді толығымен ұстанған емес. Философтардың арасында осы принципті ұстануға жақынырақ болған адам – атеист Артур Шопенгауэр болды, бірақ Бентам өзінің Кіріспесін жариялаған кезде Шопенгауэр бар болғаны бір жаста еді.

Танымал неміс философы Артур Шопенгауэр 1788 жылы 22 ақпанда дүние есігін ашты. Ол Данциг қаласындағы саудагердің ұлы еді және 1803 жылы әкесі дүниеден озғанша саудагерлік мансапты қууға бейімделіп тәрбиеленді. Тоғыз жасында Артур Шопенгауэрдың отбасы Францияға қоныс аударды. Жеткіншек болған шағында Артур ата-анасымен Германияны, Аустрияны, Швейцарияны, Францияны және Англияны шарлап, саяхат жасады. Болашақ философ білім алуды Рунген гимназиясында бастады. 1810 жылы ол Геттинген Университетінде алғашында медицина факультетінің студенті болып бастаған оқуын философия курсына ауыстырып, жалғастырды. Платон мен Кант оның ең сүйікті философтары болды, бірақ ол 1811 жылы Берлинде дәрістерін тыңдаған Канттың оқушысы Фихтені аса ұнатпады. Атап айтқанда, Фихтенің ұлтшылдығы оның ашу-ызасын туғызды, сол себепті ол Наполеонға қарсы пруссиялық шайқасқа қосылудың орнына, 1813 жылы Шопенгауэр Йена Университетінде докторлық диссертация ретінде қорғаған «Жеткілікті ақыл-ой принципінің төртінші дәрежедегі түбірі» еңбегін жазу үшін оқшау кетті.

Шопенгауэр жастайынан кітап оқығанды ерекше жақсы көрді. Бір деректерге қарағанда, ол үлкен кітапхана жинады, онды 1375 кітап болды деседі.

1814–1818 жылдар барысында Шопенгауэр өзінің «Ерік және идея ретіндегі әлем» атты басты еңбегін жазып шықты. Бұл еңбектің бірінші және үшінші кітаптары «Идея ретіндегі әлемге», ал екінші және төртінші бөлімдері – «Ерік ретіндегі әлемге» арналды. Шопенгауэр «идеяны» (кейде бұл ұғым «түсінік» деген мағынада аударылады) тұжырымдама деп емес, Локк пен Беркли «идея» деп атаған нақты тәжірибе деп түсінеді. Шопенгауэрдің пікірінше, әлем тек қана идея ретінде, тек қана сана-сезімге қатысты өмір сүреді: «Әлем – бұл менің идеям». Әрқайсымыз үшін өз тәніміз – әлемді қабылдаудың бастапқы нүктесі, ал басқа объектілер олардың бір-біріне әсері арқылы танылады.

Шопенгауэрдің идея ретіндегі әлем туралы түсінігі Канттың жүйесіне ұқсас. Бірақ ерік ретіндегі әлемді паш еткен екінші кітап мүлде өзгеше. Шопенгауэрдің айтуынша, ғылым дене қозғалыстарын инерция мен гравитация сияқты заңдар арқылы түсіндіреді. Бірақ ғылым мұндай күштердің ішкі табиғатын сипаттамайды. Шын мәнінде, егер адам білуші субъект қана болса, мұндай анықтама ұсынылмас еді. Дегенмен де мен осы әлемде орын тебемін, ал менің тәнім – басқа тәндердің арасындағы объект қана емес, өзім саналы ұғынатын белсенді күш болып табылады. Осы және тек қана осы басқа заттардың табиғатын түсінуімізге жол ашады. «Бұл жұмбақтың жауабы жеке адам ретінде көрінетін білім субъектісіне ғана ашылады, әрі бұл жауап – ерік. Осы және тек қана осы оның өз болмысын тануға мүмкіндік береді, құндылығын айқындайды, оған болмысының, іс-әрекетінің, қимыл-қозғалысының ішкі механизмін ашып көрсетеді» (WWI 100). Біздің әрқайсымыз өзін объект ретінде де, ерік ретінде де ұғынады, әрі бұл табиғаттағы әрбір құбылысты танып-білуге жол ашады. Барлық объектілердің ішкі болмысы біздің ішіміздегі, өзіміз ерік деп атайтын құбылысты қамтиды. Алайда еріктің гравитациядан бастап магнетизмге дейін түрлі деңгейлері бар, еріктің жоғары деңгейлері ғана білімге және өз-



өзін анықтауға қабілетті. Қалай болғанда да ерік – Кант соншама іздеп, таппаған нақты өзіндік зат болып табылады.

Жансыз объектілер себептер немесе сылтаулар бойынша әрекет етпейтінімен келісетіндіктен, Шопенгауэр не себепті олардың табиғи ұмтылыстарын, Аристотель сияқты «құштарлық» немесе Ньютон сияқты «күш» деп емес, «ерік» деп атайды? Шопенгауэрдің пікірінше, егер күшті ерік ретінде сипаттайтын болсақ, біз азырақ білетін құбылысты көбірек білетін құбылыспен түсіндірген боламыз. Әлемнің ішкі табиғаты туралы тікелей білімге біз өз еркімізді саналы ұғыну арқылы жетеміз.

Бірақ осы еріктің шынайы болмысы қандай? Шопенгауэрдің айтуынша, еріктің барлық түрі қалаудан, яғни жетіспеушіліктен, демек, азаптанудан туындайды. Егер бір қалау берілсе, ол тек басқа қалау арқылы ғана орындалуы мүмкін; біздің қалауларымыз әрдайым қанағаттандыруға шамамыз келетіннен әлдеқайда көп болады. Егер біздің санамыз ерікке толы болса, біз ешқашан бақытқа немесе тыныштыққа қол жеткізе алмаймыз; ауырсыну немесе зерігудің бірін-бірі алмастырып отыруы – біздің ең үздік үмітіміз.

Өзінің ең үздік туындысының үшінші және төртінші кітабында Шопенгауэр ерікке құлдықтан құтылудың екі түрлі амалын ұсынады. Құтқарылудың бірінші жолы – өнер арқылы, сұлулықты кіршіксіз және риясыз тамашалау арқылы. Құтылудың екінші жолы – бас тартушылық. Өмірге деген құлшыныстан бас тарту арқылы ғана біз еріктің озбырлығынан толығымен құтыла аламыз. Өмірге деген құштарлық – өзін-өзі өлтіруден емес, аскетизмнен бас тарту. Шынайы моральдық прогреске қол жеткізу үшін біз өшпенділіктен (басқалардың азапқа түсуінен рақаттану) және жамандықтан (басқаларды өз мүддемізге сай пайдалану) ғана емес, әділеттілік (басқаларды өзімізбен тең тұлғалар ретінде қабылдау) пен жақсылықтан (басқалар үшін өз жанын қиюға дайын болу) да құтылуға тиіспіз. Біз ізгіліктен аскетизмге көшуіміз қажет. Мен осынау бейшара әлемнен шошынғаным соншалық – басқалардың игілігіне тежеу боларлық өз рақаттанушылықтарымнан бас тарту немесе басқаларды өзімдей жақсы көру туралы бұдан былай ойланбауым да керек. Мұратыма жету үшін мен пәктікті, жоқшылықты және нысаптылықты қабыл алып, зұлымдықтан құтылудың жолы – өлімді қуана қарсы алуға міндеттімін.

Христиандық, индуистік және буддалық әулиелерді Шопенгауэр өз-өзінен бас тартудың үлгісі ретінде әспеттеді. Бірақ оның аскетизмді жақтаған көзқарасы қандай да бір діни алғышарттарға сүйенбеді, ол мұндай әулиелердің өмірі жалған нанымдарға толы болады деген ойда болды. Оның пікірінше, діни наным-сенімдер – білімсіздер анық-қанығына жете алмаған ақиқаттың тылсым жамылғысы еді. Бірақ оның жүйесіне үнді философиясының Майя доктринасы ықпал етті, бұл ілім барлық жеке субъектілер мен объектілер – жай ғана сыртқы көрініс, Майя бүркемесі болып табылады деп үйретеді.

«Ерік және Идея ретіндегі әлем» еңбегі бастапқы кезде аса ықпалды болмады. 1820 жылы Шопенгауэр Берлинге аттанды, ондағы университеттің ең беделді философы Гегель еді. Шопенгауэр Гегельді аса қадірлемейтін, ол оның «бірде бір идея туындамаған және ұзаққа созылған кезеңдерінің есірткіге уланғандай сана әсерін» мазақ етті. Ол әдейі өз дәрістерін Гегельмен бір уақытта оқитын, бірақ студенттердің назарын одан аударып әкете алмады. Өзінің дәрістеріне студенттердің келмеуі оның Гегельдің жүйесіне деген жақтырмаушылық сезімін өршіте түсті, ол бұл жүйенің басым бөлігі сандырақ немесе оның сөзімен айтқанда, «өте ішпыстырарлық өтірік» деп санады.

Өзінің басты туындысы «Ерік және Идея ретіндегі әлемді» тәмамдаған соң Шопенгауэр Испан еліне аттанды. Ол жақтан оралған соң ол Берлин университетіндегі кафедрада қызметке тұрмақ болып әрекет етеді, бірақ онысы жүзеге аспайды. 1831 жылы Шопенгауэр өзі Германияның ең сау қаласы деп санаған Майндағы Франкфуртке аттанды, ол жердегі өмірін Шопенгауэр философиялық ізденіске арнады. 1895 жылы Франкфуртта оған ескерткіш қойылды. Өзінің философиялық идеяларында ойшыл Упанишад трактаты сияқты Шығыстың теориялары мен антикалық дәуірдің дара туған ойшылы Платон мен неміс классикалық философиясының өкілі Кантқа арқа сүйейді.

Шопенгауэрдің кемеңгерлігі 1839 жылы «Ерік бостандығы туралы» еңбегі үшін Норвегияның сыйлығына ие болғанға дейін қоғам тарапынан мойындалмады. Шопенгауэр оны 1841 жылы этиканың негіздері туралы басқа эсселермен қатар Этиканың екі іргелі мәселесі тақырыбымен



жария етті. 1844 жылы оның «Ерік пен Идея ретіндегі әлемінің» кеңейтілген басылымы, ал 1851 жылы «Парерга және Паралипомена» атты эсселер жиынтығы жарық көрді. Бұл шығармалар көпшілік қауымға оның тілінің өткірлігі мен әдеби мәнерінің айқындығына тиісті бағасын беруге, сондай-ақ, оның әдепсіз және саяси тұрғыдан дәрекі пікірлерімен рақаттана немесе жиіркенетанысуға жол ашты.

1848 жылғы сәтсіз континенталдық революциялар Шопенгауэрдің алпысқа толған бойда орын алды. Алпысыншы жылдары ол әлемді жақсартудың саяси талпыныстарынан көңілі қалған буынның өкілдері арасында танымал бола бастады. Ол өз еңбектерінде жиі сынаған неміс академиялық ортасы оны өзінің қамқорлығына алды. Шопенгауэр өзі қорлаушы иллюзия деп санаған осы дүниенің жайлы жақтарының да рақатын көріп үлгерді. Егер адамдар оның өмірі өзі әспеттеген аскетизм идеалына мүлде ұқсамайтынын алға тартып, наразылық танытатын болса, ол былай деп жауап берер еді: «моралистен оның өзі ұстанатын игіліктен басқа ешқандай игілікке шақырмауды талап ету ақылға сыйымсыз болар еді». Ол 1860 жылы бақилық болды.

Шопенгауэрдің философиясы Канттың ағылға қатысты сынына, соның ішінде оның идеалистік жағына көп сүйенеді. Кант сияқты, Шопенгауэр де кеңістік пен уақыт тұрғысынан берілген заттарды қарапайым құбылыстар деп жариялап, ал кеңістік пен уақыттың өзін – сананың субъективті, априорлы формалары ретінде түсінеді. Біздің ақыл-парасатымыз үшін объективті заттардың мәні сол күйі белгісіз болып қала береді, себебі қабылдаудың субъективті формалары, яғни уақыт пен кеңістік арқылы танылатын әлемді шынайы әлеммен пара-пар, бірдей деп санауға болмайды. Санамызда берілген әлем, демек, «идея ретіндегі әлемнің» бар болғаны адам ақыл-парасатының фикциясы ғана немесе Шопенгауэрдің сөзімен айтсақ, бос «ми елесі» ғана. Кант үшін танымның жалғыз көзі – бұл интеллект, яғни ақыл-парасат. Ал Шопенгауэр бізге берілген қабылдаулардағы басты рөлді адамның еркіне береді. «Ерік өз тәжірибесінің мәліметтерін тек айқын түрде ғана емес, барынша «тікелей» таниды», – дейді ол. Ерік – біздің басты және ең ақиқатты болмысымыздың мәні. Шопенгауэрдің ойынша, Канттың ірі қателігі – біздің жеке тұлғамыздың осындай маңызды тұсын елемейді еді. Шопенгауэр философиясындағы «ерік» сөзі – тек адамның саналы қалауын ғана білдірмейді. Оған қоса, ерік дегеніміз – бейсаналы инстинкт және бейорганикалық әлемде әрекет ететін қуатты күш. Шынайы «ерік ретіндегі әлем» қиялдағы «идея ретіндегі әлемнен» өзгеше. «Ми феномені» түріндегі «идея ретіндегі әлем» тек ақыл-ойда, санада ғана болатын болса, «ерік ретіндегі әлем» интеллект пен сананы қажет етпейді, бұл – «мән-мағынадан тәуелсіз», «соқыр», еш шаршап, толастауды білмейтін «өмірге деген құштарлы ерік».

Шопенгауэрдің философия тарихында алар орны мен табыстылығы оның жүйесінің бірегей және өте батыл болуына байланысты. Сонымен бірге, Артур Шопенгауэр өз ойын ерекше шешендікпен жеткізе білді, өтірік жасандылықты жаны сүймеді. Осының арқасында бұл ойшыл көптеген философтарға ықпал етті, бірақ оның өз мектебі сол бойы құрылмады. Оның ықпал еткен ерекше тұлғаларының арасында – Гартман мен ерте кезеңдегі Ницшені атауға болады.